

Автордың аты-жөні және лауазымы: Дарменкулова Жанагул
Бакитжановна Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының әлеуметтік салыны қаржыландыруды
жоспарлау бөлімінің басшысы (ЭБЖ ӘСҚЖ бөлімінің басшысы)
Күні: 09.11.2024 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Киелі жерлер географиясы туралы

Кілт сөздер: Киелі жерлер, география, туризм, туристік бизнес

Кіріспе 2019 жылдан бері «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы аясында Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, жаңғырту мен насихаттау бағыттарында жұмыстар жүргізілуде

Негізгі бөлім облысымыздағы киелі орындарға туристерді тарту жұмыстары, өкінішке орай ақсап тұр. Тағы бір үлкен мәселе – сакралды орындарға экскурсия жасай алатын мамандардың болмауы. Сакралды туризм саласындағы экскурсовод киелі нысандардың сипатын, мәнін және орналасқан жерін, аумақтың табиғи-климаттық, тарихи-мәдени ерекшеліктерін, археологияны, киелі рәміздерді, ұлттық дәстүрлерді және т. б. білуі керек. Көптеген гидтер культтік және қасиетті мәселелерде жеткілікті құзыретті емес. Кадрлық проблеманың бұл түрі киелі жерлер туризмінің дамуын қиындатады.

Халықаралық тәжірибе мысал ретінде, көршілес Өзбекстан мемлекетін келтіруге болады. Бұл елде әуел басынан бастап басты назар тарихи туризмге аударылды.

Осы ретте, халық саны Ақтөбе қаласымен салыстырғанда жалпы ұқсас (500 мыңнан астам), сакралды орындарға бай Самарқанд қаласының өзі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 7 млн.-нан астам турист қабылдаған (оның 2 млн.-ы шет елден және 5 млн.-ы өз елінен келген саяхаттаушылар)

Қорытынды Ақтөбе облысының киелі туризмді дамыту үшін елеулі әлеуетке ие бола отырып, бүгінгі таңда туристік инфрақұрылымның қалыптаспауына негізделген киелі объектілердің туристік тартымдылығының жеткіліксіз деңгейі бар екенін атап өтуге болады.

Ұсынымдар киелі нысандар базасында тарихи-мәдени іс-шараларды (фестивальдар, ұлттық мерекелер, театрландырылған

94,4	159,0	130,5	133,2	120,2	322,2	183,2	424,2	304,4	340,4	169,6
7 жоба жоспар, 7 жоба орындалды	14 жоба	10 жоба	12 жоба	12 жоба	24 жоба	12 жоба	30 жоба	28 жоба	16 жоба	12 жоба

Қарапайым **мысал** ретінде, көршілес **Өзбекстан** мемлекетін келтіруге болады. Бұл елде әуел басынан бастап басты назар **тарихи туризмге** аударылды.

Осы ретте, халық саны Ақтөбе қаласымен салыстырғанда жалпы ұқсас (**500 мыңнан астам**), сақралды орындарға бай **Самарқанд** қаласының өзі 2022 жылдың қорытындысы бойынша **7 млн.-нан астам турист** қабылдаған (*оның 2 млн.-ы шет елден және 5 млн.-ы өз елінен келген саяхаттаушылар*).

Жоғарыда сипатталған проблемалар киелі жерлер туризмін дамытуға мүдделі **кәсіпкерлер** мен **жергілікті атқарушы органның** бірлескен ынтымақтастығы жағдайында толығымен шешілетінін атап өткен жөн.

Жергілікті билік өкілдері (*аудандық, ауылдық әкімдіктер және облыстық басқармалар*) туроператорлар мен турагенттіктермен **тығыз жұмыс** жасап, сақралды география объектілеріне деген **қызығушылықты арттыру бағытына күш салулары қажет.**

Киелі нысандар базасында тарихи-мәдени іс-шараларды (*фестивальдар, ұлттық мерекелер, театрландырылған қойылымдар және т. б.*) әзірлеу және өткізу талап етіледі, бұл өз кезегінде, **туристердің келуіне себепке айналады.**

Осы тұрғыда мемлекеттік мекемелер барынша өз елді-мекеніндегі киелі жерлерді **жарналамалауды қолға алуы шарт.**

Облысымыздағы киелі орындарға **туристерді тарту жұмыстары, өкінішке орай ақсап тұр.**

Мәдениет басқармасының ақпаратына сәйкес, **2023** жылы аудандарға келген туристердің жалпы саны **12 мыңнан асқан** (*кесте 2*).

Кесте 2. Аудандар бөлінісіндегі туристтер саны.

№	Аудан атауы	Киелі жер атауы	Келушілер саны
1.	Әйтеке би ауданы	«Хан моласы» қорымы	1202
2.	Байғанин ауданы	Асан-Қожа қорымы	37
		Дәуімшар қорымы	29
3.	Шалқар ауданы	Есет-Дәрібай кесенесі	288
4.	Ырғыз ауданы	Алмат тамы	70
		Жаныс би кесенесі	40
5.	Хромтау ауданы	Айдарлыаша геологиялық қимасы	117
		«Ойсылқара» тарихи –этнографиялық ескерткіші	165

6.	Темір ауданы	Досжан ишан кешені	1243
7.	Ойыл ауданы	Керуен сарай	947
8.	Мұғалжар ауданы	Батыр Кетібар Бәсенұлы кесенесі	120
		Төлеубұлақ петроглифі	40
		Көк мешіт	350
		Жәлімбет батыр	85
		Қарағұл тамы	20
9.	Қобда ауданы	Қобыланды батыр кесенесі	8020

Тағы бір үлкен мәселе – сакралды орындарға экскурсия жасай алатын **мамандардың болмауы**. Сакралды туризм саласындағы экскурсовод киелі нысандардың сипатын, мәнін және орналасқан жерін, аумақтың табиғи-климаттық, тарихи-мәдени ерекшеліктерін, археологияны, киелі рәміздерді, ұлттық дәстүрлерді және т. б. білуі керек. Көптеген гидтер культтік және қасиетті мәселелерде **жеткілікті құзыретті емес**.

Кадрлық проблеманың бұл түрі **киелі жерлер туризмінің дамуын қиындатады**.

Сонымен қатар, киелі жерлер туризмін дамытудың материалдық-техникалық базасының **инфрақұрылымдық проблемаларына** мыналар жатады:

1) **қонақ үй инфрақұрылымы объектілерінің жеткіліксіз дамуы;**
 2) **қызмет көрсету саласының инфрақұрылымы объектілерінің тозуы және/немесе материалдық-техникалық базасының болмауы** (сапалы жолдардың, тұрақтардың, жарықтандырудың, киелі объектілердің аумақтарын көгалдандырудың және басқа да жол бойындағы инфрақұрылымның болмауы);

3) аумақтың **ақпараттық қанықтылығының әлсіздігі**

*****Анықтама үшін:** орналасқан жерінің ірі көрсеткіштерінің (билбордтардың) болмауы, киелі объектілердің қол жетпейтін жерлерінде ұялы байланыстың болмауына байланысты киелі объектілердің орналасқан жерінің GPS координаттарын айқындаудың мүмкін болмауы, картографиялық өнімнің жетіспеуі, жекелеген сайттардың болмауы, онлайн турлар үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және т.б.

Тұтастай алғанда, Ақтөбе облысының киелі туризмді дамыту үшін елеулі әлеуетке ие бола отырып, бүгінгі таңда туристік инфрақұрылымның қалыптаспауына негізделген киелі объектілердің туристік тартымдылығының жеткіліксіз деңгейі бар екенін атап өтуге болады.

Қорытындылай келе, келесідей жұмыстар атқарылуы қажет:

1. Аудандық әкімдіктер ғылыми-зерттеу институттарымен, білім беру саласы, діни қызметкерлермен, туризмді дамытуға мүдделі

кәсіпкерлермен бірлескен ынтымақтастық орнатып, киелі жерлерге зиян келтірмей, коммерциялық мақсатта пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру;

2. Мәдениет басқармасына кәсіпкерлік басқармасымен етене жұмыс атқару арқылы киелі орындарды жарнамалау, киелі мекендер базасында имиджді көтеру бағытында іс-шаралар өткізу;

3. Мәдениет басқармасына сакралды география объектілеріне жетудің қолайлы болуы, сакралды орын территориясының инфрақұрылымының дамуы, туристерге барынша қолайлы жағдай туғызу бойынша ұсыну.

Ақпарат үшін ұсынылады.